


# Жерасты геодезиялық негізін бағыттау

# Геодезиялық негіз

- ▶ Бас жоспарды өндіру үшін геодезиялық негіз ретінде тіреулік геодезиялық тор (3.1-сурет) болып табылады. Геодезиялық негіздің түрі жергілікті территорияның ерекшеліктеріне, құрылыс түріне және салудың қажет дәлдігіне байланысты.



Тұрғын және азаматтық құрылыстың бас жоспарын салған кезде бөлу геодезиялық негіз ретінде құрылыстың қызыл сызықтарын – яғни квартал территориясы мен көше шекараларын қолданылады. Ғимараттардың орналасуы қызыл сызықтан ішке қарай магистрал жолдардан 6 м, ал көшелерден 3 м қашықтықта жобаланады.



Өндірістік құрылыстың геодезиялық негіздің кеңінен тараған түрі құрылыстық тор болып есептеледі. Құрылыстық тор бүйірі 50, 100, 200 м квадраттардан немесе тік бұрыштардан құрылады. Құрылыс бас жоспарды жобалаған кезде оның үстіне алдын ала жоспарда сызылған торды үстінен бастырады. Сондағы ғимарат бүйірлері тордың бүйірлеріне параллель түйістіреді. Содан кейін калькадан құрылыстық бас жоспарға түсіреді.



Құрылыс алаңдарындағы геодезиялық орнықтыру және бөлу жұмыстардың және геодезиялық негіздеменің дәлдігін тұрғызылатын ғимараттың дәлдігімен және геодезиялық жұмыс сапасы құрама конструкциялардың сапасына байланысты есептеу керек. Әсіресе құрама құрылыс жоғары дәлдікті қажет етеді.

Жер асты коммуникациясы трассаның жер бетіне көшіруге қажет мәліметтер графикалық, аналитикалық және басқа да тәсілдермен алынады. Көшіру тәсілін таңдау құрылыс сипаттамасына, трасса тартылуына, геодезиялық желінің нүктелерінің болуына және берілген дәлдігіне немесе көмекші геодезиялық негіздемеге байланысты болады. Трассаның жақында алынған анық контурлары көп болған жағдайда графикалық әдіс тиімді. Бұл жағдайда мәндер ретінде бұрыштық және сызықтық өлшеулер алынады. Олар міндетті түрде топографикалық жоспардан жобалау үшін алынады.



Конструкцияны жобалық жағдайда орнату кезіндегі бақылау өлшеулердің геодезиялық негізін бөлгіш осьтер сызықтар және оларға параллель құрылыс бүйіріндегі құрылғы рискілер, реперлер, маркалер, маяктар құрайды.

Болашақта ярустар салуға геодезиялық негізін жобалауды жүзеге асыру үшін арнайы биік құрылыс салуда дәлдікті қамтамасыз ететін аспаптар пайдаланылады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!!